



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 7M02118 –Дизайн. Сән дизайны

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Ғылыми-педагогикалық, зерттеу және басқару қызметін жүзеге асыра алатын, жаңа утилитарлық технологияларды құру мен енгізуді, жеңіл өнеркәсіптің түрлі салаларында дизайнерлік жобалардың қолданылу аясын кеңейтуді қамтамасыз ететін құзыреттер жиынтығы бар сән дизайнерлерінің магистрлерін даярлау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	Өнер және мәдениет саласындағы шығармашылық ұйымдар, жеке шығармашылық сән индустриялары, сондай-ақ жоғары сән мен оның тенденцияларына байланысты ғылыми қызмет, басқару жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары. Жеңіл өнеркәсіп өндірісі үшін жаңа материалдарды, жобалар мен технологияларды, ақпараттық-басқару жүйелерін әзірлеу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді қоса алғанда, ғылыми-педагогикалық сала; оқу-педагогикалық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Оқу НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

PO1-заманауи ғылымның философиялық, әлеуметтік, саяси, мәдени және психологиялық аспектілерін, сондай-ақ мәдениет пен өнер әлеуетін пайдалана отырып, тиімді мәдениетаралық коммуникация техникасын бейімдейді;

PO2-зерттеу жүргізу және өз жұмысында жаңа бағыттарды құру кезінде іргелі ғылымдар білімін пайдаланады;

PO3-міндеттерді қояды, әдістерді таңдайды, зерттеулер жүргізеді, олардың нәтижелерін ғылыми-шығармашылық және зерттеу есептері, ғылыми баяндамалар мен жарияланымдар түрінде түсіндіреді және ұсынады;

PO4-дизайн саласындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқытушылық және оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асырады, сондай-ақ өнер мекемелерінде білім беру және ағарту қызметін жүргізеді;

PO5-оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлейді;

PO6-іргелі білім негізінде кәсіби қызмет барысында туындайтын мәселелерді шешеді;

PO7-конструкторлық, технологиялық процестердің негізгі даму үрдістерін анықтайды және оларды жетілдіру тәсілдерін табады;

PO8-жеңіл өнеркәсіп өнімін жаңғырту немесе инновациялық шешімдер жасау мақсатында оның сапасын талдайды;

PO9-жеңіл өнеркәсіп пен шағын кәсіпорынның өндірістік қызметін жоспарлайды;

PO10-ұжымның жұмысын ұйымдастырады, әріптестермен өзара іс-қимыл жасауға және серіктестермен ынтымақтастыққа қабілетті, корпоративтік қызметке қатысады.